

"Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 бұйрығы

Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарына
6-қосымша

Білім беру ұйымдарында дайындауға және өткізуге рұқсат етілмейтін тамақ өнімдерінің тізбесі

- 1) қатық, сүзбе, айран;
- 2) ет салмасы қосылған құймақ;
- 3) флотша дайындалған макарон;
- 4) зельцы, форшмак, сілікпе, паштет;
- 5) кремі бар кондитерлік өнімдер;
- 6) кремді емес қантты кондитерлік өнімдер;
- 7) жеміс сусыны, квас;
- 8) фритюрде қуырылған өнімдер;
- 9) жұмсақ пісірілген жұмыртқа, глазурь жұмыртқасы, пастерленбеген жаңа піскен жұмыртқа меланжі омлеті
- 10) күрделі (төрт компоненттен көп) салаттар, қаймақ пен майонез қосылған салаттар;
- 11) окрошка;
- 12) саңырауқұлақтар;
- 13) өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалған тамақ өнімдері, оның ішінде көкөніс, жеміс, ет, балық, саңырауқұлақ консервілері;
- 14) тез дайындалатын құрғақ тағам концентраттарына негізделген бірінші және екінші тағам;
- 15) фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмі бар тұздалған крекер;
- 16) ащы тұздықтар, кетчуптер, ащы дәмдеуіштер (бұрыш, желкек, қыша);
- 17) термиялық өңдеусіз пастерленбеген сүт, сүзбе және қаймақ;
- 18) технологиялық өңделген ет және балық өнімдері (шұжық өнімдері, ысталған ет)
- 19) кофе және кофе сусыны;
- 20) дайын өнімнің салмағының 0,3%-дан астам тұзы бар тамақ өнімдері;
- 21) қосылған қант мөлшері дайын өнімнің салмағының 5%-нан асатын тамақ өнімдері
- 22) ет кесіндісінен, диафрагмадан, қаннан, бастың жұмсақ етінен жасалған орамалар, тағамдар, аспаздық өнімдер;
- 23) кептірілген және кепкен балық
- 24) дайын өнімнің салмағынан 25%-дан астам қант қосылған балалар тағамына арналған өнеркәсіптік печенье
- 25) дайын өнімнің салмағының 0,5%-дан астамы бар балалар тағамына арналған нан-тоқаш өнімдері;
- 26) диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтануға арналған арнайы тамақ өнімдерін қоспағанда, құрамында 0,2%-дан астам этил спирті, өрік сүйегінің дәні, сірке суы, тәттілендіргіштер бар балалар тағамына арналған тамақ өнімдері.